

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРТАДАН ЖОҒАРЫ (B2) ДЕҢГЕЙ КӨЛЕМІНДЕ МЕҢГЕРУДІҢ СИПАТТАМАСЫ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ:

<p align="center">ТЫҢДАЛЫМ</p>	<p>Тіл үйренуші әдеби нормаларды сақтап, қалыпты қарқынмен айтылған, осы деңгейге арналған нақты және жалпы тақырыптағы ақпараттарды түсіне алуы, қазақтілділермен (ұлт өкілімен) алдын ала дайындықсыз сұхбатқа түсе алуы керек.</p> <p>Тіл үйренуші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы анық берілген, кәсібіне, қызметіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын ақпараттар мен мәліметтерді, таныс тақырыптар бойынша дәрістер мен сұхбаттарды біршама көлемде түсінеді. Қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери тақырыптар бойынша диалогтерге белгілі бір көлемде алдын ала дайындықсыз қатыса алады. Бірнеше адам қатысатын сұхбат (полилог) үдерісіне ішінара қатысады.</p>
	<p>Тіл үйренуші ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бірқалыпты қарқынмен берілген, кәсібіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша дәрістер мен сұхбаттардың мазмұнын жақсы түсінеді, сауатты баяндап жеткізеді.</p>
	<p>Тіл үйренуші тыңдалымға арналған мәтіндердегі терминдік тіркестердің, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің мағыналарын біршама түсіне алады.</p>
<p align="center">ОҚЫЛЫМ</p>	<p>Тіл үйренуші күнделікті өмірде, қоғамдық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси салаларға (реттеуші қызметтік хаттар, ақпараттық жарнамалық мәтіндер, ресми-саяси ақпараттар, ішкі және сыртқы саясатқа қатысты мәтіндер, білім, экономика, шаруашылық пен мәдениет салаларына, өз мамандығы мен кәсібіне арналған мәтіндер) қатысты материалдарды, елтаным бойынша мерзімді басылымдардағы мәтіндерді оқып, өзіне қажетті ақпаратты алады, жалпы мазмұнын түсінеді және оны сауатты баяндап береді, біршама қорытынды жасай алады. Мәтіндерде кездесетін кейбір терминдер мен терминдік тіркестерді, тұрақты тіркестерді, бейнелі оралымдарды түсіну үшін сөздіктерді, анықтамалық құралдарды пайдаланады. Мәтінді оқу жылдамдығы мен қарқыны, тәсілі мәтіннің түріне, көлеміне және қойылатын талаптарға байланысты.</p>
	<p>Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым</p>
	<p>Тіл үйренуші ортадан жоғары деңгейге арналған</p>

	<p>лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктер толық қамтылған көлемді мәтіннен қажетті ақпаратты таба алады. Көлемді мәтіндерді бөліктерге бөліп, әр бөліктегі маңызды ақпаратты жинақтайды, толықтырады, топтайды, қорытады және басқаға жеткізеді, пікір білдіреді, көлемді мәтіннің мазмұнын толық бағалайды.</p>
	<p>Ақпарат және дәлел, негіздеме алу мақсатындағы оқылым</p>
	<p>Тіл үйренуші белгілі бір көзқарасты, пікірді дәлелдеуге бағытталған негізгі ойды, мазмұнды мәтіннен таба алады. Тар аядағы терминдер қолданылатын кәсіби мазмұнды (нұсқаулықтар, ережелер) мәтіндерді жақсы түсініп, өзіне қажетті ақпаратты ала алады.</p>
<p>ЖАЗЫЛЫМ</p>	<p>Бірнеше көзқарасты білдіретін ақпараттар мен дәйектерді жинақтайды. Тіл үйренуші оқиғалардың мазмұны негізінде мәтінді айқын, нақты етіп құрастыра алады. Тіл үйренуші өзін қызықтыратын мәселелерді анық және нақты сипаттай алады. Тіл үйренуші көркем және деректі фильм, көркем әдебиеттің шағын жанрлары жөнінде пікір жаза алады. Тіл үйренуші репродуктивті сипаттағы мәтінді құрастыра алады. Өзіне таныс және қызықтыратын тақырыптар бойынша эссе, сондай-ақ қызметтік хаттар (хаттама, қаулы, анықтама, түсініктеме, қолхат, сенімхат, кепілхат, есеп, баянат, ілеспехат) және жеке хаттар жаза алады. Ортадан жоғары деңгейге арналған тақырыптар және ұсынылатын басқа тақырыптар аясында эссе, іскери-кәсіби мазмұндағы хабарлама жаза алады. Ортадан жоғары деңгейге арналған коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөздікті, анықтамалық құралдарды пайдалана отырып, шағын көлемді шығарма жаза алады.</p>
<p>АЙТЫЛЫМ</p>	<p>Тіл үйренуші таныс және ұсынылатын тақырыптар бойынша диалогтерге алдын ала дайындықсыз қатыса алады. Сұхбат барысындағы ақпаратты қабылдауы мен жауап қайтару әрекеті жылдам болады; есту, оқу, көру, тыңдау арқылы алынған ақпараттар мен мәліметтердің мазмұнын, логикалық ойды толық аяқтап баяндайды және түсіндіреді; таныс тақырыптар бойынша тыңдаған дәрістерді түсініп, мазмұнын жеткізе алады; таңдану, қуану, ренжу, қызығу сияқты эмоциялық жай-күйді вербалды түрде жеткізе алады. Бұл ретте қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары, интонация, емпін, дауыс ырғағының заңдылықтарын сақтауға ұмтылады. Өз тарапынан</p>

	<p>жазбаша түрде дайындалған баяндаманың, кәсіби тұрғыдағы жалпы тақырыптарға арналған мәтіндердің (мысалы, өзінің мақаласын) мазмұнын ауызша жеткізеді, талдай алады.</p> <p>Айтылым барысында тіл үйренуші тақырыпқа, жағдаятқа сәйкес терминдерді, тұрақты тіркестерді, бейнелі орамдарды, мақал-мәтелдерді пайдалана алады. Тіл үйренуші әңгімелесу барысында өзінің эмоциялық жай-күйін, тақырыпқа қызығушылығын вербалды түрде жеткізе алады.</p>
--	---